

MINOR «ОНЛАЙН БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАЛАРЫНЫҢ КООРДИНАТОРЫ»

Бағдарламаның ерекшеліктері: Білім беру бағдарламасы тәуелсіз білім беру жобасының немесе білім беру мекемесінің маманын даярлауға бағытталған, онлайн-педагогикада жетілдірілген құзыреттіліктері бар, әртүрлі пәндер бойынша онлайн-курстарды дайындаумен қатар жүреді, типтік білім беру траекторияларын немесе белгілі бір курстарды ұйымдастырады және насихаттайды. Ол платформалар немесе курстар шеңберінде оқытушылар мен студенттер арасындағы қарым-қатынас процесін модельдейді, білім беру платформасының жұмысын жетілдіруге қойылатын талаптарды қояды.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері: Онлайн оқыту құралдары мен технологияларын қолдана отырып, оқу процесін жобалау, жүзеге асыру және бағалау дағдыларын меңгеріп, оқу контентін және ресурстарын заманауи цифрлық ортада тиімді ұйымдастыруды үйренетін, қолданатын, дамытатын жауапты маман даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- білім беру мазмұнын құру, редакциялау және жаңарту, оқытушылармен және курс авторларымен жұмыс жасау;
- платформа пайдаланушыларымен тікелей жұмыс істеу, кері байланысты жинау және талдау, проблемаларды шешу;
- серіктестермен, оқу орындарымен және басқа ұйымдармен қарым-қатынасты дамыту және қолдау;
- платформа деректерін талдау, зерттеу жүргізу, платформаны жақсарту үшін есептер мен ұсыныстар жасау;
- курстардың немесе бағыттардың белгілі бір санатымен жұмыс (мысалы, технология, өнер, бизнес).

Бағдарламаның күтілетін оқу нәтижелері:

ОН1 Онлайн білім беру платформаларының түрлерін, функционалдық мүмкіндіктерін және олардың педагогикалық тиімділігін талдай отырып, Moodle, Google Classroom, Canvas сияқты платформаларды оқу процесіне интеграциялауды меңгереді.

ОН2 Электрондық курстардың құрылымы мен мазмұнын әзірлеу әдістемесін игеріп, оқыту мақсаттарына сәйкес интербелсенді оқу материалдарын (симуляторлар, тренажерлер, бейнемазмұн) жасауға қабілетті болады.

ОН3 Цифрлық білім беру ресурстарын оқыту мақсаттарына, оқушылардың ерекшеліктеріне және оқу контекстіне сәйкес таңдап, оларды тиімді түрде бейімдеуді үйренеді.

ОН4 Онлайн білім беру платформаларындағы оқу контентінің сапасын бағалау әдістерін меңгереді, оның педагогикалық тиімділігін анықтап, оқу процесінің нәтижелерін жақсартуға бағытталған ұсыныстар әзірлейді.

ОН5 Заманауи оқыту әдістерін (интерактивті әдістер, геймификация, микрооқыту) онлайн білім беру ортасында тиімді қолдану дағдыларын қалыптастырады.

ОН6 Білім беру жобаларын басқаруда жобалық менеджменттің әдіснамасын қолдана отырып, жобаларды жоспарлау, іске асыру және бағалау дағдыларын игереді.

ОН7 Онлайн білім беру платформаларының жұмысын ұйымдастыру, техникалық қолдау көрсету және білім алушылардың оқу үдерісін басқару үшін қажетті дағдыларды меңгереді.

ОН8 Цифрлық білім беру ресурстарын педагогикалық дизайн негіздерімен үйлестіре отырып, оқу курстарын дамыту және олардың оқу тиімділігін арттыру бойынша жобалар әзірлейді.

ОН9 Түрлі онлайн құралдар мен платформаларды қолдана отырып, оқу процесінде оқушылардың ынтасын арттыратын интерактивті тәсілдер мен мультимедиялық ресурстарды әзірлеу дағдыларын игереді.

ОН10 Білім беру жобаларын іске асыруда командалық жұмыс әдістерін қолдана отырып, жобаларды тиімді басқару, көшбасшылық және ынтымақтастық дағдыларын дамытады.

Бағдарламаның мазмұны:

№	Пәннің атауы	Кредит	Сағаттың үйлестірілуі				Пәннің қысқаша сипаттамасы	Қалыптасаттыратын оқу нәтижелері
			Лекция	Практика/зертхана	СӨЖ	СӨЖ		
1	Білім берудегі E-learning	5	30	15	30	75	Курс мазмұны электронды оқытудың негізгі ұғымдары мен тарихынан басталып, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылайды, сонымен қатар Moodle, Google Classroom, Canvas, т.б. сияқты танымал платформалар мен олардағы оқу құралдарын пайдалану мүмкіндіктерін ұсынады. Курста заманауи оқыту әдістері: интерактивті әдістер, геймификация, микрооқыту және мобильді оқыту тәсілдері қарастырылып, бағалау жүйелері мен кері байланыс әдістері ұсынылады. Онлайн білім беруде e-learning жүйелерінің дамуы мен жаңа технологияларды енгізу жолдары талқыланады. Электронды курс құру, оны бағалау әдістерін қолдану, сондай-ақ оқу процесін жетілдіру бағыттары бойынша практикалық жұмыстар мен тәжірибелік дағдыларды меңгеру мүмкіндігі беріледі. Курсының мақсаты – білім алушыларға білім беру процесін жетілдіру, оқу материалдарына қолжетімділікті қамтамасыз ету, оқыту әдістерін заманауи технологиялар негізінде тиімді ұйымдастыру және білім алу барысында жеке қажеттіліктер мен мүмкіндіктерді ескере отырып, оқу процесін икемді әрі нәтижелі ету болып табылады. Бұл тәсіл студенттердің өзін-өзі дамытуына, уақыт пен орынды ескермей оқу мүмкіндігіне, сондай-ақ оқу	ОН1, ОН2, ОН4, ОН5, ОН7, ОН10

							мазмұнын үнемі жаңартып отыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар тұлғалық өзара әрекеттестікті арттырып, білім беру сапасын жоғарылатуға ықпал етеді. Күтілетін нәтижелер: -электрондық оқыту технологияларының түрлерін, электрондық оқыту құралдарын құрастыру этаптарын, классификациясын, түрлерін атайды; -электрондық курстар құру кезінде QuizMaker, CamStudio, ActivStudio, PreziCom Moodle бағдарламаларының негізгі мүмкіндіктерін дұрыс қолданады; -ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың түрлерін талдайды; - ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқытудың мақсат-міндеттеріне, оқушылардың дара ерекшеліктеріне сәйкес түрлендіреді; - оқытудың инновациялық технологияларының тиімдісін ажыратады; - Stepik онлайн конструкторын пайдаланып курс жасайды, оны интернетке жариялайды. - коммуникативтік қарым-қатынасты қолдайтын командалық жұмыстың іс-тәсілдерін пайдаланып жоба құрады.	
2	Оқу процесінде цифрлық білім беру ресурстарын жобалау және әзірлеу	4	30	15	30	75	Бұл курста студенттер білім берудегі цифрлық білім беру ресурстарын жобалау мен әзірлеуді ұйымдастырудың заманауи тәсілдерімен, электронды ортадағы педагогикалық дизайн негіздерімен, LMS, CNS және СББР жүйесінде электрондық курсты жобалау әдістемесімен және әзірлеу технологиясымен танысады. Студенттерді оқу процесіне тарту үшін осы жүйеде және түрлі сервистерде тәжірибе жинақтайды, интерактивті оқу материалдарын (Симуляторлар, тренажерлер, интерактивті жұмыс парақтары, жаттығулар, дидактикалық ойындар, интерактивті бейне), төсбелгілер мен	ОН1, ОН3, ОН5, ОН8, ОН9, ОН10

							бейджерді әзірлейді, СББР және LMS орталарда (Семинар, Форум, Вики, мәліметтер базасы), онлайн курста оқытудың интерактивті және ойын әдістерін жүзеге асырады. Оқу соңында цифрлық білім беру ортасында студенттермен жұмыс істеу үшін өздерінің жобаланған және интерактивті материалдармен толтырылған онлайн курсын қорғауға ұсынады. Күтілетін нәтижелер: - цифрлік білім беру ресурстарының және оқу материалдарының негізгі түрлерін және оларды жобалау тәсілдері мен кезеңдерін атайды; - цифрлік білім беру ресурстарын құруға арналған педагогикалық аспаптарды, мультимедиа технологияларын оқытудың мақсат-міндеттеріне, оқушылардың дара ерекшеліктеріне сәйкес қолданады; - цифрлік білім беру ресурстарының педагогикалық тиімділігін бағалау әдістерін, оларды білім беруде қолдану үлгілерін талдайды; - нақты педагогикалық мәселелерді шешу үшін оқытуда күрделі цифрлік білім беру ресурстарының тиімдісін салыстырады; - педагогикалық дизайн модельдерін ЦБР көмегімен онлайн курс жасауда салыстырады; - цифрлік білім беру ресурстарын әзірлеу және талдау кезінде коммуникативтік қарым-қатынасты қолдайтын командалық жұмыстың әдіс-тәсілдерін пайдаланып жоба құрады	
3	Білім берудегі технологиялық жобаларды басқару	5	30	15	30	75	Курста жобаның өмірлік циклінің кезеңдерін түсіну; Білім беру саласындағы жобалық менеджмент әдіснамасының негізгі құралдарын пайдаланудың практикалық дағдыларын қалыптастыру; білім берудегі күрделі жобаларды басқару және қажетті нәтижелерге қол жеткізу үшін алынған теориялық білім мен практикалық дағдыларды практикада қолдана білу; Технологиялық кәсіпкерлік объектісі	ОН4, ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10

						ретінде жобада жұмыс істеу әдіснамасын түсіну қарастырылады. Күтілетін нәтижелер: - қойылған міндеттерді шешу кезінде жүйелік тәсілдің ережелері мен әдістемелерін және жобаларды басқару әдістемелерін пайдаланады - мақсатқа жету үшін команда мен командалық стратегия жасайды. - жобаны жоспарлау мен іске асырудың тиімділігін арттыру үшін заманауи құралдар мен технологияларды қолданады. - ұйымның белгілі бір процестері мен жобаларын басқаруға мүмкіндік беретін бағдарламалық өнімдерді пайдаланады. - ғылыми зерттеуді (ғылыми-техникалық жобаны, әзірлеуді, эксперименттің сипаттамасын) іске асыруға жұмсалатын шығындарды есептеу үшін заманауи принциптер мен әдістерді қолданады. - тәуекел мен белгісіздік жағдайында жобаларды басқаруды ұйымдастырумен байланысты теориялық білімді қолданады - жобаны іске асыруды оның өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде жедел басқаруды орындайды - қойылған білім берудегі мақсатқа жету үшін шығармашылық ұжымның жұмысын ұйымдастыру әдістерін қолданады	
--	--	--	--	--	--	--	--